

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1792.  
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.02.25. N 173 қаулысымен. ~P990173

"Қазақстан Республикасында мемлекетті басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 10 қазанындағы N 3655 U973655\_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті

орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 сәуірдегі N 682 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 17, 155-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1792 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Кеден комитеті (Қаржыминінің Кеденкомы) туралы  
ереже

## Миссиясы

Қазақстан Республикасында кеден ісіне тікелей басшылықты қамтамасыз ету және бірыңғай кеден саясатын жүзеге асыруға ықпал ету.

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесіне басшылық жасайтын, кеден ісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын, бірыңғай мемлекеттік кеден саясатын іске асыратын және осы мақсатта салааралық үйлестіруді жүргізетін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет өзінің құзыреті мен өзіне берілген өкілеттіктерінің шегінде арнайы атқарушы және бақылау функцияларын дербес жүзеге асырады. Комитеттің өз құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың атқаруы үшін міндетті.

3. Комитет өз қызметін басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Комитетті қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі үшін көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

6. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, тиісті мөрлері және мөртабаны болады.

## II. Басымдықтары

8. Комитет өзінің қызметінде мынадай басымдықтарды: қазақстан рыногын, қазақстандық өндірушілер мен тұтынушыларды қорғауды;

өндіріп алу кеден органдарына жүктелген кеден төлемдерін және салықтарды толық жинауды;

сауда саясаты міндеттерін шешуді;

кеден ісін ұйымдастыруды және жетілдіруді;

кеден органдарының жүйесін жетілдіруді басшылыққа алады.

## III. Комитеттің міндеттері

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және осы саясатты іске асыруға қатысу;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай кеден саясатын қамтамасыз ету;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделерін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасында кеден ісін ұйымдастыру және жетілдіру;

Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың басымдықтарын сүйене отырып, кедендік реттеуді ұйымдастыру және жетілдіру;

Қазақстан Республикасының кеден мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

## IV. Комитеттің функциялары

Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының кеден саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысады;

Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру тетігін әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасында кеден ісін дамытудың бағдарламасын әзірлейді және іске асырады;

заңдарда белгіленген тәртіппен кеден ісі туралы заң және өзге де нормативтік

құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысады;

белгіленген тәртіппен өндіріп алу Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген кеден баждары мен салықтарын қолданудың ставкалары мен тетігі туралы ұсыныс енгізеді;

лицензиялауды қоса алғанда Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты экономикалық саясат шараларын әзірлеуге қатысады;

тауарлардың кедендік құнының дұрыс анықталуына бақылау жасаудың жүйесін ұйымдастырады;

өндіріп алу Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген кеден баждарының және салықтарының республикалық бюджетке уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізген кезде кеден режимдерін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

кеден делдалдарына және мамандарына заңдарда белгіленген тәртіппен лицензиялар, біліктілік аттестаттарын береді;

кедендік бақылауды жүзеге асыруды және тауарлар мен көлік құралдарын ресімдеуді ұйымдастырады, оларды жетілдіру жөнінде шаралар қолданады;

дербес және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылда кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етеді, кеден инфрақұрылымы объектілерін күзету жүйесін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының кеден шекарасын күзету жөнінде басқа да шараларды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізуге рұқсат ету тәртібінің сақталуын әзірлеуге және қамтамасыз етуге қатысады;

заңдарда белгіленген тәртіппен стратегиялық және басқа да Қазақстан Республикасы үшін өмірлік маңызы бар материалдарды, сондай-ақ мәдени құндылықтарды сыртқа шығаруға экспорттық бақылауды жүзеге асырады;

өз құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының мемлекеттік қауіпсіздікті, табиғи ортаны, жануарларды және өсімдіктерді қорғау, республикаға әкелінетін тауарларды тұтынушылардың мүддесін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз етеді;

контрабандамен және кеден ісі саласындағы өзге де қылмыстарға қарсы күрес жүргізуді ұйымдастырады;

кеден ережелерін бұзушылықтың жолын кесуге байланысты жұмысты жүзеге

асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының халықаралық терроризмге қарсы күрестегі қызметін ұйымдастырады және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық азаматтық авиацияның қызметіне заңсыз араласудың жолын кесуге ықпал етеді;

заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды тұлғаларының контрабанда туралы, кеден ісі саласындағы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша іс жүргізуі, жедел іздестіру қызметін жүргізуі, кеден ережелерінің бұзылуы туралы істер бойынша іс жүргізуі және оларды қарауы кезінде заңдылықты сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасы мен әлеуметтік кедендік статистиканы жүргізуді ұйымдастырады;

Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасын жүргізеді; өз құзыретінің шегінде шағымдар мен өтінімдерді уақтылы және әділ қарауды ұйымдастырады, азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін себептерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің жай-күйі және оны дамыту жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді;

Қазақстанның қатысуымен кеден ісі мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысады, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларды жасасу жөнінде келіссөздер жүргізеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

өз құзыретінің шегінде кеден ісі мәселелерімен шұғылданатын халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттерде кеден ісі туралы заңдардың қолданылуы, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі практикасын қорытады және талдайды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп кеден органдарының лауазымды тұлғаларын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды, кеден зертханаларында, басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда жұмыс істеу үшін мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден басқармаларын, кедендерді, кеден постыларын, кеден зертханаларын, қызметі Қазақстан Республикасы кеден органдарының міндеттерін шешуге жәрдемдесетін құрылыс-пайдалану және өзге де ұйымдарды құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

өз құзыретінің шегінде өзінің жүйесінде ғылыми-зерттеу мекемелерінің, оқу орындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүйесінің мүлкін басқаруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай

автоматтандырылған жүйесін құруды, олардың жұмыс істеуін және оларды жетілдіруді қамтамасыз етеді;

кеден органдары жүйесінің материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытады;

кеден органдары жүйесінің лауазымды тұлғаларын құқықтық және әлеуметтік қорғау шараларын іске асыруға жәрдемдеседі;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен иелігінде теңіз, өзен және әуе кемелері бола алады;

Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген басқа да функцияларды орындайды.

## V. Комитеттің құқықтары

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру кезінде:

өз құзыретінің шегінде кеден режимдерін құқықтық реттеудің ерекшеліктерін айқындауға;

тауарлар мен көлік құралдарын еркін кеден аймақтары мен бос қоймаларға әкелудің және олардан әкетудің не оларды кеден қоймаларына орналастырудың тәртібін белгілеуге;

жеке адамдардың тауарлар тасымалдауының оңайлатылған, жеңілдікті тәртібін белгілеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізуге;

мемлекеттік органдардан меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды тұлғалардан, азаматтардан өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер сұратуға және алуға;

заңдарда белгіленген тәртіппен баспа қызметін жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен өнімдердің (жұмыстардың, қызмет

көрсетулердің) мемлекеттік тапсырысшысының функцияларын орындауға, кеден ісі мәселелері жөнінде үйлестірушілік сараптық кеңестер мен жұмыс топтарын құруға;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасында да, одан тысқары жерлерде де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, сондай-ақ лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жүргізуге;  
ведомстволық автоматтандырылған байланыс жүйесі болуға;  
Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқық күшін жүзеге асыруға құқықты.

## VI. Комитеттің жауапкершілігі

12. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен:  
Қазақстан Республикасының экономикалық егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
Кеден ісі саласында адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету;  
кеден ісі саласында заңдардың сақталуы;  
мемлекеттік қаржының тиімді және мақсатты пайдаланылуы үшін жауапкершілікте болады.

## VII. Қызметін ұйымдастыру

13. Комитет Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

14. Комитет Қазақстан Республикасы кеден мекемелерінің, кеден зертханаларының және басқа да өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдердегі кедендік өкілдіктерінің қызметін басқарады.

15. Комитеттің орталық аппараты басқармалардан және оның қызметін қамтамасыз ететін өзге де құрылымдық бөлімшелерден тұрады.

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады, ал оның орынбасарларын Комитет Төрағасының

ұсынуы бойынша Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

17. Облыстық кеден басқармаларының, кедендердің және кеден постыларының бастықтарын, облыстық кеден басқармалары бастықтарының орынбасарларын Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Кедендер мен кеден постылары бастықтарының орынбасарларын, Комитеттің қызметкерлерін Комитеттің Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Облыстық кеден басқармаларының, облыстық кеден басқармаларының бағынысындағы кедендер мен кеден постыларының қызметкерлерін облыстық кеден басқармаларының бастығы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Комитеттің тікелей бағынысындағы кедендер мен кедендердің бағынысындағы кеден постыларының қызметкерлерін кедендердің бастығы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Төраға Комитеттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

Комитеттің Төрағасы осы мақсатта:

өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін айқындайды;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Комитеттің, кеден басқармаларының және кедендердің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1792 қаулысына

қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.10.06.

№ 1004 қаулысымен.

P981004\_

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Кеден комитеті орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Кеден кірістері басқармасы

Кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы

Энергия ресурстарын кедендік бақылау жөніндегі басқарма

Контрабанда және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес  
жөніндегі басқарма

Жеке қауіпсіздік басқармасы

Кедендік бақылау мен режим басқармасы

Құқықтық басқарма

Жедел-талдау басқармасы

Сыртқы байланыстар басқармасы

Күрделі құрылыс пен материалдық-техникалық қамтамасыз ету  
басқармасы

Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі

Қаржыландыру, бухгалтерлік есеп, есептілік және бақылау  
басқармасы

Кадрлар және оқу орындары басқармасы

Автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы